**Омархан Несіпханов**

# Әндер жинағы

2014

**Омархан Несіпханов**

# Әндер жинағы

***Құрастырған Несіпханова Б.Ө.***

**Алматы 2014**

**УДК-78**
**ББК 85,9**
**Н51**

Пікір жазған:
***Қоңыратбай Т.Ә***. – философия ғылымының докторы, профессор.

***Несіпханов Омархан***
**Н-51** Әндер жинағы / құрастырған Несіпханова Б.
Алматы: «Асыл кітап» баспалар үйі , 2014-44 бет.

**ISMN 979-0-803853-47-7**

Ұсынылып отырған әндер 1972-1982 жылдар арасында жазылып, әлі күнге жарық көрмеген туындылар. Жинаққа композитордың таңдаулы әндері енгізіліп отыр. Әр арқауы жеткіншектерді ел мен жерді сүюге, ата дәстүрін құрметтеуге, ел жанды, намысты болып, ер жетуге тәрбиелейді.

Әндердің әуенінің кең тыныстылығы серпінді ырғақтылығы, сезімтал нақыштылығы-оның композиторлық шеберлігінің айғағы. Сұлу сазды, күрделі мелодиялық-интонациялық құрылымдағы әндері «Көктем жүр әйнек алдында», «Сырым бар», «Ұйықта бөпем» атты туындылар. Әндер жинағы жоғары оқу орындарының музыка факультеті студенттеріне және жалпы білім беретін мектептердің ән-күй мұғалімдеріне арналады.

**УДК-78**
**ББК 85,9**

**ISMN 979-0-803853-47-7**

© Құрастырған Несіпханова Б., 2014
© «Асыл кітап» баспасы, 2014

# Алғы сөз

Ән – музыка өнерінің ең көне және кең тараған жанры. Ән халқымыздың ежелгі рухын, тарихын, жан дүние сұлулығын, мейірімін, ізденісі мен махаббатын, іңкәр ықыласын бүгінгі ұрпағымызға жеткізіп тұрған үлкен халықтық мұра.

Жинаққа «Анажан», «Гүл бөбек», «Жігіт жыры», «Көктем жүр әйнек алдында», «Қайыңдар, аппақ қайыңдар», «Қазақ әні», « Қызғанам», «Сырым бар», «Ұйықта бөпем» әндері кіргізілген. Әндер белгілі қазақ ақындарының жыр – шумақтарына негізделген. Солардың ішінде Т.Молдағалиев., Б.Тәжібаев., К.Салықов және Т.Мұқаев., М.Әлімбаев., А.Шамкенов сынды қаламгерлер бар. Композитор шығармашылығын айқындайтын ерекшелік оның қаламынан туған шығармалардың жанр, форма жағынан сан алуандылығы.

Түрлі тақырыпты қамтыған шығармалар ананың балаға деген махаббатын, адамның табиғатпен байланысын , оның туған жерге сүйіспеншілігін суреттейді. Ерекше мәнерлі, ырғақты, лирикалық әні «Қайыңдар,аппақ қайыңдар» сөзін жазған Т.Молдағалиев. Табиғат сұлулығын жырлаған әні «Көктем жүр әйнек алдында» сөзі Т.Молдағалиевтікі. Композитор әндерінің ауқымы кең, әуен-сазы шынайы сезімге бай.

Музыкалық білім беретін оқу орындарында тәлім алып жүрген студенттер мен жалпы ән сүйер қауымға музыкалық мәдениетін дамытуда бұл жинақтың тигізетін әсері мол, құнды.



# Анажан

Сөзін жазған Б. Тәжібаев

**Асықпай, сезіммен**




10
се - ні ой-ла-сам ел - жі - реп ке - те - бе -
13
рем. А - на - жан, ә - лі - күн -
mf cresc.
16
ге өз ал - дың - да, Ба - ла -
18
лық, бо - рыш - ым - ды ө - те - ме -


1.2.
ген
mf
3.
це.
Ә - лем -
cresc.
sf
f
нің бар а - сы - лы ұ - лың - ү -
шін,
p Баяулата
же - тер -




Мен сенің құлыныңмын жетелеген,
Сені ойласам елжіреп кете берем.
Анажан, әлі күнге өз алдыңа,
Балалық борышымды өтемеген.

Жылуын жүрегімнің аямаған,
Қамқоршым, қорғанымсың, аяулы анам.
Жайқалған жапырағы бәйтерексің,
Мен сенің құшағыңды саялаған.

Тербетіп мені қостың ән – күйіңе,
Аялап көкірегіңнің сәнді үйіңе.
Әлемнің бар асылы ұлың үшін,
Жетер ме сенің жалғыз әлдиіңе.

# Гүл бөбек

**Сөзін жазған Т. Исабеков**

**Асықпай, сезіммен**




Гүл бө - бек.
mf
Әй, гүл бө - бек
жан бө - бек, ма-маң ті - лін ал, бө - бек.
simile
Мен бар - май - тын жыл - дар - ға




Әй, гүл бөбек, бал бөбек,
Ай, күнімнің, біл, бөбек.
Күлкің болсын қуаныш,
Күл де шалқып жүр, бөбек.

Әй, гүл бөбек, жан бөбек,
Мамаң тілін ал, бөбек.
Мен бармайтын жылдарға
Жолың болсын, бар, бөбек.

# Жігіт жыры

**Орташа** **Сөзін жазған Т. Мұқаев**




23
өр тұл - ға - лы та - уым бар. Кеу -
28
де - - - ме ү - міт, ар - ман тол - ған -
32
да, Қи - я - лым ас - пан - ға қол
37
mf
соз - ған - да, би - ік - - пін
mp


41
мен де тау - дай, ас - қақ - пын,
45
сүй - ік - тім, за - ңы ғой бұл
49
1. Қайталау үшін.
жас шақ - - - тың.
53
2. Аяқтау үшін.
ған




1. Еңсесін езе алмаған дауылдар,
Өлкемде өр тұлғалы тауым бар.
Кеудеме үміт, арман толғанда,
Қиялым аспанға қол созғанда
Биікпін мен де таудай асқақпын,
Сүйіктім, заңы ғой бұл жас шақтың.

2. Көсілген кең даламды көргенде
Қиялға құлшынады әр кеуде.
Шарласа қиыры жоқ даланы
Қанаты қыранның да талады.
Деміксем ұзақ жолда мен-дағы,
Демейтін қолтығымнан – сен, жаным!

3. Баянды бақытым боп өмірде,
Көлімдей көлкіп өтші көңілде.
Көркіңмен жүзін жасқап айдың да,
Еркін жүз аққуым боп айдында.
Өзіңмен күліп атсын таңдарын,
Төге бер шуағыңды, жан жарым.

# Көктем жүр әйнек алдында

**Сөзін жазған Т. Молдағалиев**

**Орташа** Вокализ (сопрано)




дей. О - я - нып
бө - - - пем ақ таң - нан
Са - қыл - дап қат - ты
күл - ген - дей. О -


34
f
я - - - - - ныp бө - - - - - пем
36
ақ таң - - - нан
38
Са - қыл - - - - - дап
40
қат - - - - ты күл - - - - - ген - - -


дей
Көк - - - тем
Баяулата
жүр
Әй - нек
ал - - - дын - да.
1.2.3. Қайталауға.
3. Аяқтауға.
Вокализ
да. А.




1. Жадымда мәңгі сақталған,
Жан досым үйге кіргендей.
Оянып бөпем ақ таңнан,
Сақылдап қатты күлгендей.
Көктем жүр әйнек алдында.

2. Жақсылық маған жақындап,
Кеткендей өтіп қол бермей.
Жанымның оты лапылдап,
Лапылдап барып сөнгендей.
Көктем жүр әйнек алдында.

3. Уақытқа өткен қарамай,
Бәріне алаң боламын,
Естіген жап – жас анадай
Ағайын тұңғыш баланың
Көктем жүр әйнек алдында.

4. Келгенін бүгін жасырмай,
Кететін қысты қысымға ап,
Қуанған күннің жасындай
Жауып тұр, жаңбыр тасырлап
Көктем тұр әйнек алдында!

# Қайындар, аппақ қайындар

**Сөзін жазған Т. Молдағалиев**

**Асықпай**





а - яу - лым, Сон - да - ғы
тол - қын ү - - - нім - нен
Ө - зім - де шо - шып о - - - ян - - -
дым. Қа - йың - дар,


28
ап - - - - пақ
қа - - - йың - - -
30
дар!
Сы - рым бар
32
1.2. Қайталау үшін.
сен - дер - ге
ай - - - та - - - тын
p
35
p




1. Бір кезде мені ұғып ең.
   Дірілдеп тұрып аяулым.
   Сондағы толқын үнімнен,
   Өзімде шошып ояндым.
   Қайыңдар, аппақ қайыңдар,
   Сырым бар сендерге айтатын.

2. Арулар қылық асырған,
   Көңілдің кілтін таптыңдар!
   Сағынып келген жас ұлға,
   Сыбырлап бір сыр айттыңдар
   Қайыңдар, аппақ қайыңдар,
   Сырым бар сендерге айтатын.

3. Көктемге сыйлар гүлің бар,
   Шоғындай жанған үміттің.
   Бәрің де көктеп тұрыңдар,
   Арманы болып жігіттің.
   Куәсі болып қойыңдар,
   Армандап өткен айымның!

# Қазақ әні

**Сөзін жазған М. Әлімбаев**




16
қа - за - қы бе - сік
19
тал бе - сік Әл - ди - леп
22
біз - ді тер - бет - кен,
25
Ә - ді - лін айт - сақ, Ән бе - сік.


28
f
Ұ - мы - тар, айт - - - -
28
f
31
шы, ер не - - ге,
31
34
құ - лақ - та а - - - - - на
34
37
Әл - - - - ди - і, тұ - нып - ты
37


Жас - - - - тан кеу - - - - де -
ге қа - зақ - тың тәт - - - - - -
ті ән күй - і.
1.
2.
mf
dim.
rall.




Қойнында халық ержеткен
Қазақы бесік – тал бесік
Әлдилеп бізді тербеткен
Әділін айтсақ ән бесік.

Ұмытар, айтшы, ер неге,
Құлақта ана әлдиі:
Тұнылты жастан кеудеге
Қазақтың тәтті ән – күйі.

Тербеліп әнмен тұрады,
Кемедей біздің кең дала...
Қазақтың бітеу құлағы
Болармын болсам мен ғана.

Сонда да сазын бір қандай
Естісем жаңа өлеңнің
Ішіме сыймай тұрғандай
Келеді шырқай жөнелгім.

# Қызғанам

**Сөзін жазған Н. Әлімқұлов**

**Ойнақы, көңілді**




12
f
А...
15
18
Жү - рек -
21
пе - нен ой - на - ма,


оң - ай е - мес бұл о -
1.2. Қайталау үшін.
йын!
mf
3. Аяқтау үшін.
нам!

## Қызғанамын
(әзіл ән)

Көңілімде сен ғана,
Кімде сенің гүл ойың?
Жүрекпенен ойнама,
Оңай емес бұл ойын.

Қандай гүлден нәр алып,
Қандай гүлді тағасың.
Қара көзің қадалып,
Маған ғана қарасын.

Бірге жүрген өзіңмен,
Көрінбесін қыз маған.
Құрбым, сенің өзіңді,
Басқа қыздан қызғанам!

# Сырым бар

**Сөзін жазған К. Салықов**





Қы - зы - ғы жү - рек сөн -
8va
sf
mp
бей сар - қыл-май - тын.
(Rubato)
Баяу
Ө - зің - сің, ө - зің - сің,
sf
mf
Кө - ңіл - ім - нің көк - тем ша - ғы


24
Жыр тол - қып жы - лы шу - ақ ән ту - лай -
26
тын.
Көңіліміңің
cresc.
f
Ped.
28
Көк - тем ша - ғы
Жыр тол - қып жы - лы
30
1.2.
шу - ақ ән ту - лай - тын




1. Сырым бар
   Үнсіз қалғып, жан тыңдайтын
   Қызығы жүрек сөнбей сарқылмайтын.
   Өзіңсің,
   Көңілімнің көктем шағы
   Жыр толқып
   Жылы шуақ ән тумайтын.

2. Сырым бар
   Сағынышсыз айтылмайтын,
   Кей түндер азабынан таң тумайтын
   Өзіңсің,
   Ерте туған
   Ерте жұлдыз,
   Махаббат аспанында жарқылдайтын.

3. Сырым бар
   Тау теңселіп, ән тыңдайтын
   Ақтармай
   Жадау күндер жан тынбайтын
   Өзіңсің,
   Егер өмір қайталаса
   Өтуге қайта сүйіп тартынбайтын.

# Ұйықта бөпем

**Сөзін жазған А. Шамкенов**




12
ген. Мөл-дір көз-зің ши - па ғой,
15
Кө - ні - лім-ді кө - тер - ген.
17
f
mf
Кел - - - ші, кел - ші - жа - - - -
19
ным, Әл - - - ди,


әл - ди - ле - йін бө - - - - пем.
Тың - да - шы, тың - да ме - нің
1.2. Қайталау үшін.
Ә - - - - - нім - д(і)ай!
mp


29
3. Аяқтау үшін.
Ә - - - - - нім - д(і)ай!
31
33
p
rall.
35
8va
ppp

# Ұйықта бөпем

1. Айналайын бөпемнен,
Еркеленіп жөтелген.
Мөлдір көзің шипа – ғой,
Көңілімді көтерген.

Қайырмасы:

Келші бөпем,
Әлдилейін сені.
Тыңда, тыңдашы әнімді!

2. Сәулетайым тілің бал,
Ойыншықты жиып ал.
Ойран салдың күн ұзақ,
Кезің келді тынығар.

Қайырмасы.

3. Қылығыңды таң қылып,
Өзегімді жандырып.
Бір жасаттың, жата ғой,
Ал ұйқыңды қандырып.

Қайырмасы.

# *Мазмұны*


Анажан. Сөзі Б. Тәжібаевтікі........................................................5

Гүл бөбек. Сөзі Т. Исабековтікі.....................................................9

Жігіт жыры. Сөзі Т. Мұқаевтікі...................................................12

Көктем жүр әйнек алдында. Сөзі Т. Молдағалиевтікі................16

Қайындар, аппақ қайыңдар. Сөзі Т.Молдағалиевтікі ................21

Қазақ әні. Сөзі М. Әлімбаевтікі...................................................25

Қызғанам. Сөзі Н. Әлімқұловтікі................................................30

Сырым бар. Сөзі К. Салықовтікі..................................................34

Ұйықта бөпем. Сөзі А. Шамкеновтікі.........................................38

**Омархан Несіпханов**

# *ӘНДЕР ЖИНАҒЫ*

***Құрастырған Несіпханова Б.Ө.***

Музыкалық редактор **Несіпханова Б.Ө.**
Компьютерде беттеген **Төлен Қ.Ә.**
Мұқаба дизайны **Тынысбаев А.Д.**

Басуға 01.12.2014 қол қойылды.
Пішімі 60х84 $^1/_{16}$ .Сандық басылым.
Қаріп түрі Times New Roman. Шартты баспа табағы 2,75
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №102.

Асыл кітап

**«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС**
Қазақстан Республикасы
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
asylkitap@mail.ru
+7 (727)394 41 67



***Несіпханов Омархан Өмірзақұлы*** (1953-1983) Семей облысы, Үржар ауданында дүниеге келген. Алматы Мемлекеттік консерваториясының композиция бөлімін профессор Е. Рахмадиевтің класын бітірген.

КСРО Композиторлар одағының мүшесі. Омархан Несіпханов өзінің қысқа ғұмырында көптеген музыкалық шығармалар жазып қалдырды. Оның музыкалық туындыларын Қазақстан және шетелдің беделді ұжымдары орындап келеді. Композитор ешкімге ұқсамайтын өзіндік дара қол таңбасымен ерекшеленеді.

Негізгі шығармалары:

«Мен сенемін» атты моно опера, «Нүркен Әбдіров» атты симфониялық поэма, халық аспаптар оркестріне арналған Увертюра –дифирамб, шекті квартет, кларнет пен фортепианоға арналған соната, кларнет, фагот және фортепианоға арналған триптих, фортепианоға арналған вариациялар, пьесалар, романстар, көптеген балалар әні және т.б.

ISMN 979-0-803853-47-7
9 790803 853477